



Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесін айқындау туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 126 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 5 тамызда № 5784 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 15 қаңтардағы № 5 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Амангелді ауданы әкімдігінің 15.01.2016 № 5 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 18-бабына, 238-бабының 3-тармағына сәйкес, Амангелді ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес а й қ ы н д а л с ы н .

2. Амангелді ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 28 ақпандағы № 65 "Аудандық бюджет қаражаты есебінен азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және ветеринария саласындағы мамандарға қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайда айналысатын азаматтық қызметшілердің айлықақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғарылатылған лауазымдық айлықақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар мамандар лауазымдарының тізбесін анықтау туралы" қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4542 тіркелген 2014 жылғы 18 сәуірде "Аманкелді арайы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т.Т. К а р б о з о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі
КЕЛІСІЛДІ

Ж. Таукенов

13.07.2015 жыл

Әкімдіктің

2015 жылғы

13

шілдедегі

№ 126 қаулысына қосымша

Азаматтық қызметші болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласындағы мамандар лауазымдарының тізбесі

1. Әлеуметтік қамсыздандыру мамандарының лауазымдары:

1) күтім жөніндегі әлеуметтік қызметкер;

2) б а с ш ы ;

3) жұмыспен қамту орталығының маманы.

2. Білім беру мамандарының лауазымдары:

1) м е к т е п д и р е к т о р ы ;

2) директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары;

3) директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;

4) директордың ғылыми жұмыстары жөніндегі орынбасары;

5) әлеуметтік педагог;

6) педагог-психолог;

7) қосымша білім беру педагогы;

8) аға тәрбиеші, тәрбиеші;

9) музыкалық жетекші;

10) аға жетекші, жетекші;

11) дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушы;

12) н ұ с қ а у ш ы ;

13) аға әдістемеші, әдістемеші;

14) өндірістік оқыту шебері;

15) аға шебер;

16) медициналық бике;

17) емдәм бикесі;

18) кітапханашы;

19) логопед;

20) с у р е т ш і ;

21) мектепке дейінгі мекемелердегі ағылшын және орыс тілдері пәнінің
м ұ ғ а л і м д е р і ;

- 22) көркемдік жетекші;
- 23) интернат меңгерушісі;
- 24) алғашқы әскери даярлық жөніндегі оқытушы-ұйымдастырушы;
- 25) мектептегі барлық мамандықтар бойынша мұғалімдер;
- 26) мектепке дейінгі ұйымның меңгерушісі;
- 27) шебер, шеберхана меңгерушісі;
- 28) кітапхана меңгерушісі;
- 29) аға жоғарғы.

3. Мәдениет мамандарының лауазымдары:

- 1) ұйымның басшысы;
- 2) мәдени ұйымдастырушы;
- 3) суретші;
- 4) кітапханашы;
- 5) бөлім меңгерушісі;
- 6) әртіс;
- 7) режиссер;
- 8) редактор;
- 9) әдістемеші;
- 10) әкімші;
- 11) дирижер;
- 12) нұсқаушы;
- 13) солист;
- 14) библиограф;
- 15) көркемдік жетекші;
- 16) ұйым басшысының орынбасары;
- 17) хореограф;
- 18) дыбыс операторы.

4. Спорт саласындағы мамандар лауазымдары:

- 1) директор;
- 2) директордың орынбасары;
- 3) медициналық бике;
- 4) аға жаттықтырушы, жаттықтырушы.

5. Ветеринария мамандарының лауазымдары:

- 1) мал дәрігері;
- 2) ветеринарлық фельдшер.